

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы" Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 28/5-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 24/5-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 3631 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 қаңтардағы N 25/2-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 30.01.2015 N 25/2-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы" Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 28/5-IV шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-19-119 болып тіркелген, "ЛЗ Сегодня" газетінде 2010 жылғы 28 мамырдағы № 23-санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы қағидасындағы:

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша мемлекеттік қызмет Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен көрсетіледі" (бұдан әрі - уәкілетті орган).

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат немесе сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "

Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына немесе электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталына (бұдан әрі - портал) өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттардың тізімін ұсынады.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|-----------------------------|---------------------|
| <i>Сессия төрайымы</i> | <i>А. Яровикова</i> |
| <i>Шемонаиха аудандық</i> | |
| <i>мәслихатының хатшысы</i> | <i>Ә. Баяндинов</i> |